

Білім беру бағдарламаларының тізілімі үшін

1	Білім беру бағдарламасының атауы	7R01107 – «(Ересектердің, балалардың) пульмонологиясы»
2	ББ түрі (қолданыстағы, жаңа, инновациялық)	Ағымдағы білім беру бағдарламасы
3	ББ мақсаты	Мамандандырылған медициналық көмектің әртүрлі кезеңдерінде кәсіби қызметті дербес жүзеге асыратын, қоғамдық денсаулық сақтаудағы бар және жаңа сын-қатерлерге жауап беруге қабілетті, ұлттық және әлемдік денсаулық сақтаудың ғылыми-технологиялық дамуына үлес қосатын білікті, бәсекеге қабілетті пульмонолог-дәрігерлерді даярлау
4	ББ ерекшеліктері (жоқ, бірлескен, қос дипломды)	Құзыреттіліктер мен оқытудың нәтижелері «Дәрігер-пульмонолог» мамандығының кәсіби стандартын енгізуді ескере отырып қалыптастыра жасалған.
5	ЖОО серіктестігі	-
6	Оқыту нәтижелері	<p>ОН-1 Науқастарда (ересектер, балалар) бронх-өкпе ауруларын диагностикалауда, ауру белгілерін, объективті тексеру мәліметтерін, зертханалық және функционалдық және басқа зерттеу әдістерінің нәтижелерін талдауда кәсіби білімді қолдану.</p> <p>ОН-2 Дәлелдеу тәжірибе негізінде стационарлық және амбулаторлық кезеңдерде дәрілік емес, дәрілік және арнайы емдеу әдістерін қолдана отырып, бронхтық-өкпе ауруларымен ауыратын науқастарға (ересектер, балалар) емдеуді тағайындау және шұғыл медициналық көмек көрсету.</p> <p>ОН-3 Бронхтық-өкпе ауруларымен ауыратын науқастардың (ересектер, балалар) уақытша еңбекке жарамсыздығын тексеру, медициналық реабилитациялауды (оңалтуды) жүргізу және оның тиімділігін бақылау.</p> <p>ОН-4 Бронхтық-өкпе ауруларының профилактикасының тиімділігін жүзеге асыру және бақылау, микробқа қарсы тұрақтылықтың қалыптасуына жол бермеу, халықтың санитарлық-гигиеналық ағартуын және салауатты өмір салтын қалыптастыруды жүзеге асыру.</p> <p>ОН-5 Науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін емделушімен, оның қоршаған ортасымен және стационарлық және амбулаторлық деңгейде денсаулық сақтау мамандарымен қарым-қатынас дағдыларын пайдалану және тиімді амал жасау.</p>

		ОН-6 «(Ересектер және балалар) пульмонологиясы» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық аясында медициналық көмек көрсету, бақылау-есептік медициналық құжаттарды, оның ішінде электрондық түрде жүргізу.
		ОН-7 Өз бетінше білім алу «(Ересектер және балалар) пульмонологиясы» мамандығы бойынша талқылауларға, конгрестерге және басқа да үздіксіз кәсіби даму оқудларына, соның ішінде пәнаралық конференцияларға белсенді қатысу.
		ОН-8 Парапар зерттеу сұрақтарын құрастыру, респираторлық аурулар бойынша кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалау, күнделікті қызметте халықаралық мәліметтер базасын тиімді пайдалану, зерттеу тобының жұмысына қатысу.
7	Оқыту түрі	күндізгі толық уақыт
8	Оқыту тілі	Қазақ, орыс
9	Кредиттер көлемі	140
10	Берілетін академиялық дәреже	резидентура
11	ББ аккредиттеу (аккредиттеу органының атауы, аккредиттеудің қолданылу мерзімі)	НААР, № АВ 4414 от 10.06.22г., 29.04.2022-28.04.2027

Пәндер туралы мәліметтер:

№	Пән коды	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Цикл	Кредиттер	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)
---	----------	--------------	------------------------	------	-----------	---

				Компо нент		ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8
	Бейіндік пәндер (БП)			БП	БП	138							
	Міндетті компонент (МК)			МК	МК	134							
1	РАРV	Амбулаториялық-емханалық пульмонология-1, ересектер	Пән пульмонологияда функционалдық диагностикалық әдістерді, респираторлық инфекциялар және бронхтық-обструктивтік аурулары бар науқастарды амбулаториялық кезеңде дәлелдеу медицина принциптеріне сәйкес диагностикалауға, емдеуге, алдын алу шаралары мен еңбекке қабілетсіздік сараптамасын жүргізуге мүмкіндік беретін білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.	БП	МК	18	+	+	+	+	+	+	
2	РАРV	Амбулаториялық-емханалық пульмонология-2, ересектер	Пән өкпенің аллергиялық және кәсіптік аурулары бар науқастарды диагностикалауға және емдеуге, алдын алу шаралары мен еңбекке қабілетсіздік сараптамасын жүргізуге, ұйқы кезінде тыныс алудың бұзылуына, өкпені қалпына келтіруге және амбулаториялық кезеңде тыныс алуды қолдауға мүмкіндік беретін білім мен тәжірибелік дағдыларды, медициналық құжаттарды жүргізуге қалыптастырады.	БП	МК	12	+	+	+	+	+	+	
3	РАРD	Амбулаториялық-емханалық пульмонология-1, балалар	Пән дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес амбулаториялық кезеңде балалар пульмонологиясында жиі кездесетін ауруларды диагностикалауға, емдеуге, алдын алу шаралары мен еңбекке қабілетсіздік сараптамасын жүргізуге мүмкіндік беретін білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.	БП	МК	12	+	+	+	+	+		

4	PAPD	Амбулаториялық-емханалық пульмонология-2, балалар	Пән орфандық ауруларды, бронх-өкпе жүйесінің туа біткен ақауларын, балалардағы өкпе және бронхтардың тұқым қуалайтын ауруларын диагностикалау және емдеу, алдын алу шаралары мен еңбекке қабілетсіздік сараптамасын жүргізуге, бронхтық-өкпе аурулары бар балаларды реабилитациялау бойынша білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.	БП	МК	10	+	+	+	+	+		+	
5	PSV	Стационардағы пульмонология-1, ересектер	Пән зертханалық және визуалды диагностика әдістерін, пульмонологиядағы патоморфология және фармакотерапия, тыныс алу жүйесі аурулары бар науқастарды стационарда дифференциалды диагностикалау, одан әрі емдеу, емдеу тактикасын анықтауда, сонымен қатар құжаттарды жүргізу үшін білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.	БП	МК	22	+	+			+	+	+	+
6	PSV	Стационардағы пульмонология-2, ересектер	Пән фтизиопульмонология, онкопульмонология, өкпенің интерстициалды және орфанды аурулары, бронхтық-өкпе жүйесінің даму аномалиялары және өкпедегі ірінді процестер, қарқынды және интервенциялық пульмонология бойынша, сонымен бірге осы мәселелердегі құзыреттілігін арттыруда білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.	БП	МК	26	+	+		+	+		+	+
7	PSD	Стационардағы пульмонология-1, балалар	Пән визуалды диагностика әдістері, фармакотерапия, әртүрлі патогендік факторлармен байланысты аурулар мен тыныс алу жолдарының аллергиялық ауруларын, одан әрі емдеу мен емдеу тактикасын анықтап, оны жүргізуде, коммуникация бойынша білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.	БП	МК	18	+	+			+	+	+	+

8	PSD	Стационардағы пульмонология-2, балалар	Пән бронхтық-өкпе жүйесінің туа біткен аномалиялары, балалардың генетикалық детерминацияланған аурулары мен интерстициалды ауруларын, дәлелдеу медицина принциптеріне сәйкес балалардың қарқынды пульмонологиясы бойынша білім мен тәжірибелік дағдыларды дамытады, осы мәселелер бойынша құзыреттілігін арттырады.	БП	МК	16	+	+		+	+		+	+
Таңдау компоненті (ТК)														
9		Пульмонологиядағы қарқынды терапия	Пән халықаралық дәлелдеу базасына сәйкес пульмонологиядағы шұғыл жағдайларды диагностикалауға, дифференциалды диагностикалауға және уақтылы қарқынды терапияға мүмкіндік беретін білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.	БП	ТК	4	+	+			+	+	+	
10		Сомнология	Пән заманауи халықаралық ұсыныстарға сәйкес пациенттердегі ұйқының бұзылуын диагностикалау мен емдеуге және осы патологиясы бар науқастарды одан әрі сараланған басқару тактикасын анықтауға мүмкіндік беретін білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.	БП	ТК	4	+	+	+	+	+			+
11		Өкпе туберкулезін диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістері	Пән қазіргі заманғы диагностикаға, өкпе туберкулезін дифференциалды диагностикалауға және емдеуге мүмкіндік беретін білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады. Халықаралық дәлелдеу базасына сәйкес одан әрі бақылаудың сараланған тәсілін анықтау.	БП	ТК	4	+		+	+	+		+	+